

НОТАРИУСТЫҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫ



Нотариус пен нотариаттық палатаның қарым-қатынастары.

- - палата жиналысының жұмысына және онымен ұйымдастырылатын кәсіби іс-шараларға қатысу;
- - кәсіби біліктілікті көтеру, оқыту және жұмыс тәжірибесімен алмасу шараларына қатысу;
- - нотариаттық палатаға уақытылы және толық көлемде мүшелік жарналарды төлеу;
- - нотариустың кәсіби міндеттерін орындау бойынша мәселелерді қарастыру және шешу үшін палата басқармасының шақыруы бойынша келу;



- палата басқармасының, төрағасының сұраулары бойынша құжаттарды ұсыну, сонымен қатар олардың құзыреті шегінде қаралатын мәселелер бойынша жазбаша және ауызша түсініктеме беру;

- бекітілген нысан бойынша белгіленген уақытта палатаға статистикалық мәліметтер беріп отыру;

□ - нотариаттық палата органдарының шешімдерін орындау;

□ - аумақтық нотариаттық палаталардың Жарғы ережелерінің талаптарын сақтау.



Нотариус әріптестері мен қарым-қатынаста келесілерге міндетті:

- - кәсібі бойынша әріптестерімен өзара сыйластық, сенімділік және кәсіби өзара әрекеттестік білдіру;
- - әріптестеріне қатысты кішіпейіл және әдепті болу;
- - нотариаттық қызметке қатысты әріптестерінің сұраулары мен жолданымдарына жедел және анық жауап беру;
- - жас әріптестеріне көмек көрсету және кәсіби тәжірибе беру.



- **2сұрақ. Тәртіптік теріс қылықтар.**
- Нотариустың өз кәсіби міндеттерін тиісті емес орындауы немесе орындамауы, сондай-ақ нотариустың мінез-құлқының этикалық нормалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Ар-намыс Кодекспен белгіленген өзге де талаптарды бұзуы **тәртіптік теріс қылықтар болып танылады.**



Тәртіптік теріс қылықтарға келесілер жатады:

- заңнамаға қайшы келетін нотариаттық іс-әрекеттер жасау;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысу;
- шарт жасасу барысында делдалдық қызмет көрсету;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырусыз нотариаттық қызметті жүзеге асыру;
- нотариустың жеке өзімен қатар нотариуста жалдамалы жұмыс істейтін тұлғалар жағынан нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың құпиялығын бұзу;
- Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңының 34 бабында қарастырылған нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудан заңсыз бас тарту;



- нотариустың жеке мөрін, нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға арналған тізілімін, нотариус мұрағатын, бланкілер мен басқа да қызметтік құжаттарын нотариустың кінәсі бойынша жоғалту немесе басқа тұлғаларға беру;

□ - аумақтық нотариаттық палаталардың Жарғыларымен қарастырылған мерзімде дәлелсіз себеппен нотариаттық палатаға мүшелік жарналарды уақытылы төлемеу;

□ - нотариус қызметінің аумақтық қағидатын бұзу;

□ - статистикалық есептілікті, қажетті ақпаратты немесе нотариаттық палатаның сұраулары бойынша мәліметтерді бермеу немесе уақытылы емес беру;



□ - дәлелсіз себеппен екі айдан астам нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың тұрақты орнының болмауы;

□ - мөрдін, құжаттар мен құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеу;

□ - өзінің атына және өзінің атынан жұбайының атына және атынан, оның және өзінің ата-анасының атынан, балалары, ағалары, әпкелері, немерелері, атасы және апасы аттарынан нотариаттық іс-әрекеттер жасау;

□ - нотариаттық палатаның жалпы жиналыстарына (бір реттен аса) немесе кәсіби біліктілікті арттыру және өзге де мәселелер бойынша өткізілетін іс-шараларға (бір реттен аса), шақыру бойынша палата Басқармасының отырысына дәлелсіз себеппен қатыспау;

- нотариаттық іс жүргізудің ережелерін, белгіленген жұмыс тәртібін дәлелсіз себеппен өрескел және бірнеше рет бұзу (күнтізбелік жыл ішінде екі және одан көп рет);

- теріс пиғылды бәсеке жүргізу, және де нотариустың орналасқан жері мен жұмыс тәртібін санамағанда жеке жарнамамен айналысу;

□ - нотариустардың жалпы жиналысында мінез-құлықтың моральдық-этикалық нормаларын бұзу;

□ - мемлекеттік баж мөлшерлемесін ерікті өзгерту және Заңмен белгіленген мөлшерлемелердің көлемімен салыстырғанда нотариаттық тариф көлемін көтеру немесе төмендету,



- аумақтық нотариаттық палатаға хабарламай жұмыс орнында екі күннен астам болмауы.



3 сұрақ. Тәртіптік жазаларды салудың тәртібі.

Тәртіптік теріс қылықтар туралы мәселені қарастыру үшін азаматтардың, заңды тұлғалардың, нотариустардың жолданымдарында, сот, прокурор, тергеу органдарының тексеру материалдары мен ұсынуларында баяндалған фактілер негіз болып табылады.

- Тәртіптік жаза нотариаттық палатаның **Басқармасымен** салынады.
- Тәртіптік теріс қылықтар туралы мәселені **қарау** жалпы жиналыспен, басқармамен, нотариаттық палата төрайымымен қозғалуы мүмкін.



Тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық тікелей табылған жағдайда салынады, нотариустың ауырған уақытын, оның демалыста немесе басқа да дәлелді себеппен болмағандығын санамағанда, тәртіптік теріс қылық табылған күннен бастап **бір айдан кешіктірмей** тәртіптік жаза салынады.

Тәртіптік жауапкершілік туралы мәселе басқарма отырысының басталғанына дейін **үш күн бұрын кешіктірмей** мәселені қараудың күні мен уақыты туралы жазбаша түрде хабарланып, нотариустың қатысуымен қаралады.



Тәртіптік жаза қолдану туралы немесе жаза қолдану үшін жеткілікті негіз болмағандығы туралы басқарма шешімі отырыста қатысушы мүшелердің **жартысынан кем емесі қатысқан** жағдайда қабылданады.

Тәртіптік жаза салуға негіздер болмаған жағдайда Басқарма тек талқылаумен шектелуі мүмкін.

Егер отырысқа қатысушылардың жартысынан кем емесі оған дауыс берсе, **шешім қабылданды деп саналады.**

Тәртіптік жауапкершілік туралы мәселелерді қарау басқарма **хаттамаларымен** рәсімделеді.

Хаттама көшірмелері нотариаттық палаталардың барлық мүшелеріне жолданады.



- Хаттама көшірмесі жауапкершілік туралы мәселесі қаралған **нотариусқа** жолданады.
- Тәртіптік жаза салған жағдайда хаттама көшірмесі аумақтық **әділет органына** жолданады.
- Тәртіптік теріс қылықтарды жасау бойынша барлық жазбаша материалдар нотариаттық палатада, **нотариустың жеке ісінде сақталынады.**



- Нотариустың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тек **бір ғана** тәртіптік жаза салына алады.
- Тәртіптік теріс қылықтың әсер ету мерзімі оны қолданған күннен бастап **алты айдан** аспауы керек.
- Егер осы уақыт ішінде нотариус жаңа тәртіптік жаза салуға тартылмайтын болса, оның тәртіптік жазасы **жоқ болып есептеледі**.
- Нотариустың кәсіби міндеттеріне адал, жіберілген бұзуларды қайта жасамауы және мінсіз мінез-құлық көрсеткен жағдайда жалпы жиналыс немесе палата басқармасы жаза қолданған күннен бастап, **үш ай** мерзім өтуі бойынша мерзімінен бұрын алып тастауы мүмкін.



- **4 Сұрақ. Тәртіптік шаралары мен нотариусты көтермелеу.**
- **Кәсіби (тәртіптік) әсер ету шаралары болып келесілер табылады:**
- - ескерту;
- - сөгіс;
- - қатаң сөгіс;
- - ҚР Әділет Министрлігіне, прокуратураға, Республикалық нотариаттық палатаға нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұсыныстар енгізу;
- - Республикалық нотариаттық палатаға нотариус лицензиясынан айыру туралы ұсыныстар енгізу.



Кәсіби міндеттерін жоғары дәрежеде орындағаны үшін, көп жылғы мінсіз кәсіби қызметі үшін, нотариаттық палатаның органдарындағы жұмысы үшін, нотариусты **көтермелеу** келесі түрде қаралады:

- - алғыс білдіру;
- - бағалы естелік сыйлығымен марапаттау;
- - грамотамен марапаттау;

- - «Нотариус бюллетені» журналында немесе газеттерде фотосуретімен бірге өмірбаянынан үзінді жариялау;

- - «ҚР-ның еңбек сіңірген заңгері» атағын, «ҚР-ның құрметті нотариусы» атағын алуға ұсыну.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

